

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Командамен онлайн режиміндегі тікелей желі	Жанкүйерлермен әлеуметтік байланыстың жиілігі, компанияның ашықтығы, компания менеджменті.
Әлеуметтік желілеі	Әлемдегі алдыңғы қатарлы әлеуметтік желіні қалыптастыру (600 миллион жанкүйерге дейін). Қаржылық мақсаттар – Жарнамалық кеңістікті әлеуметтік медиада сату. IT технологиялар. Клуб жанкүйерлерінен мақсатты аудиторияны қалыптастыру клубтың жанкүйерлері.
Кумирлармен, әлемдік футбол жұлдыздарымен Интернет-байланыс	Алдыңғы бастамадан алынған. Компанияның ашықтығы. Адалдықты арттыру.

Осылайша, клубтың маркетингтік және PR қызметі мақсатты аудиторияны кеңейтуге және жанкүйерлердің командамен жиі байланысқа түсуіне, компанияның инвестициялық рентабельділігінің артуына әсер етуге, сондай-ақ оның әлеуметтік-жауапты ұйымның имиджін сақтауға бағытталуы керек. Манчестер Юнайтед бренді тағы да әлемдік футболдағы жаңа идеялар мен инновациялық жаңалықтардың брендіне айнала алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Д.Акер «Создание сильных брендов»/ М., 2003
2. Б. Барнс, Д. Шульц «Стратегические бренд-коммуникационные компании» / М., 2003
3. Р.Клифтон, Дж.Симонз «Бренды и брендинг/персангл» / М., 2008
4. В.Ю. Костиков «Влияние имиджа спорта на формирование трендов и развитие имиджа страны за рубежом: сб.науч.тр.» / М., 2014
5. М.Марк, К.Пирсон «Герой и бунтарь. Создание бренда с помощью архетипов», 2005
6. Branding. Saint-Petersburg: Neva, OLMA-PRESSInvest, 2003
7. P.Doyle «Marketing Management and Strategy. Saint-Petersburg», 2002
8. P.Drucker «Effectivemanagement. Economic problems and optimal solutions» / М., 2003

ӘОЖ 669.1

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОМПЕНСАТОРЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ  
АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Азимбаева Б.Н., 2 курс, білім алуды жалғастыру факультеті, шет тілдері педагогтерін даярлау, шетел тілі: екі шетел тілі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КЕАҚ, Семей қаласы*

*Исмаилова Г.К., к.ф.н., доценті, профессор РАЕ 2, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КЕАҚ, Семей қаласы*

*Коммуникативтік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған және компенсаторлық қабілеттерді дамытуға арналған қажетті жаттығулардың негізгі топтары қарастырылды. Компенсаторлық қабілеттердің механизмдерін жүйелеу арқылы қарым-қатынас барысында тілдік құралдардың жеткіліксіздігінің орнын толтырудың негізгі тәсілдері зерделенді. Оқу перифразының негізгі ережелері мен қағидалары талқыланды.*

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

«Компенсаторлық қабілеттер» ұғымы көптеген әдебиеттерде сөйлеуді түрлендіруге және өз ойынды түсінікті етіп жеткізуге мүмкіндік беретін құбылыс ретінде қарастырылады. Біздің жүргізген зерттеуімізде «компенсаторлық қабілеттер» ұғымына американдық лингвист Л.Ф. Бахманның берген анықтамасы негізге алынды. Білім алушыларда осындай дағдыларды қалыптастыруға бағытталған құралдар зерттелінді.

Әрбір адам ішкі жан сезімін, ойларын туған тілінде мейлінше дәл жеткізуге қажетті лексикалық бірліктердің жеткіліксіздігі мәселесіне жолығады. Мұндай жағдайдың шет тілінде сөйлесу барысында жиі туындауы мүмкін. Үйреніп жүрген тілдің бүкіл сөздік қорын біліп алу мүмкін емес. Себебі, тіл-шексіз дүние. Тілдік құралдардың жеткіліксіздігінің орнын қалай толтыруға болатынын және өз ойынды серіктес адамға барынша толық түрде қалай жеткізуге болатынын анықтап алу қажет. Бұл мәселені шешу үшін, шет тілін үйрену барысында қарым-қатынас кезінде жетпей тұрған логикалық тізбегін өзара бір-бірін ауыстыра алатын лексикалық бірліктермен толықтыруға немесе жалпы сөйлемнің құрылымын толықтай өзгертуге көмектесетін компенсаторлық қабілеттерді дамытуға баса назар аударылады. Сол сияқты, мектепте шет тілін оқыту саласындағы өзгерістерге байланысты, шет тілін жетік меңгерудің негізгі факторларының бірі ретінде дамытылуы міндеттелген компенсаторлық құзырет жеке бөлініп шығарылды. Атап айтқанда, ағылшын тілін меңгеру барысында ауызекі сөйлеу тілін үйрету негізге алынады. Осылайша, жұмыстың мақсаты компенсаторлық қабілеттер ұғымын, олардың сипаттамаларын, сондай-ақ аталған қабілеттерді білім мекемелерінде ағылшын тілін меңгеру аясында дамыту тәсілдерін зерттеу болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін бізге келесі міндеттерді шешу қажет:

1. «Компенсаторлық қабілеттер» ұғымының анықтамасымен танысу.
2. Аталған қағидалардың негізгі сипаттамаларын анықтау.
3. Ағылшын тілі сабағында компенсаторлық қабілеттерді дамытуға бағытталған тәсілдерді анықтау.

Компенсаторлық қабілет немесе компенсаторлық құзырет -білім алушының өзі үйреніп жүрген тілді жете меңгермеген жағдайда ана тілін немесе басқа шет тілін пайдаланудағы білімдерін, қабілеттерін және дағдыларын алдыға тарта білу қабілеті. Яғни, білім алушылардың бейімдеушілік қасиеттері мен қабілеттері және коммуникативтік құзыреттің маңызды құрамдасы болып табылады. [1,155 б]

Компенсаторлық қабілеттер ұғымының ашып көрсететін аспектілерінің ерекшеліктерімен сәйкестікте ажыратылып келтірілген бірнеше анықтамалары бар. Мысалы, Л.Ф.Бахман бұл ұғымды «адамның тілдік құралдарды пайдаланудағы белгілі бір қабілеттері (тілдік құзырет) және сөйлесу процесіндегі психомоторлық қабілеттер деп түсіндірген». [2]

Педагогика ғылымдарының әйгілі докторы, профессор, Ресей академигі, шет тілдерін оқыту теориясы мен әдістемесі саласындағы ғалым Инесса Львовна Бим былай дейді: «Компенсаторлық құзыреттерге келетін болсақ, оларды қалыптастыру өзінің шет тіліндегі білімдерінің, дағдыларының кемістіктерін жеңіп шығу қабілеттерін дамытуды және соған бейім болуды алдыға тартады». Атап айтатын болсақ: 1.Қандай да бір сөзді білмеген жағдайда, оны сол сөздің синонимімен немесе ұғымның сипаттамасымен алмастыра білуді; 2.Өз пікіріңді берілген мағына орай құрылымдай білуді;3.Белгісіз сөздерге қадалып қалмауға үйренуді көздейді. [3]

Бұған қоса, компенсаторлық дағдыларды қалыптастыру механизмдерін зерттеген кезде, шет тілі мен ана тілінің байланысын естен шығаруға болмайды, өйткені сөйлеу қызметінің барлық түрлерін меңгерудің алғашқы сатысы ана тіліне сүйене отырып жүзеге асырылады. Кейде сөйлеуші тіпті өз тілінде де ойын жеткізу барысында лексикалық бірліктердің жеткіліксіздігін сезінеді және келесі тәсілдер, Н.Д. Гальскова мен Н.И. Гез атап өткендей, тілдік

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

құралдардың жеткіліксіздігінің орнын толтыруға көмектеседі. Алдымен, осы түрдегі стратегияларға сөздік (вербалды) құралдарды жатқызу керек, мысалы, айтылғанға қайтып оралу, бұл уақытты айтарлықтай үнемдеуге және тілдік дағдыны толыққанды қалыптастыруға мүмкіндік береді, сөзді бір түбірлес немесе мағынасы жуық сөзбен ауыстыру, есімдікке немесе жалпы ұғымға ауыстыру, ұғымның тек өзіне ғана тән ерекше қасиеттерін пайдалана отырып, оның сипаттамасын құрастыру, перифраз, сол сияқты ойлар мен сезімдерді жеткізуде қиындықтарға жолыққан жағдайда қолданылатын ымдар, ым-ишаралар немесе сол ұғымға тән дыбыстар сияқты сөздік емес (вербалды емес) құралдар. Яғни тілдік құралдардың жеткіліксіздігінің орнын толтыратын жоғарыда аталған құралдардың барлығы сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ықпалы болады. [4]

О.А. Теплованың зерттеулерінде компенсаторлық құзыретке кіргізілген негізгі қабілеттер ретінде келесі қабілеттер көрсетілген: оқу және аудирлеу кезінде тілдік және мәнмәтіндік болжамды пайдалану қабілеті; мәтіннің тақырыбы/атауы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау, мәтіндік тіреулерді (тақырыпшалар, кестелер, графиктер, қаріптерді ерекшелеу, пікірлер, сілтемелер) пайдалану қабілеті; мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге әсер етпейтін лексикалық және мағыналық қиындықтарды елемеу қабілеті; ауызша сөйлесу процесінде қайталап сұрауды және сөздерді алмастыруды пайдалану қабілеті. [5]

«Компенсаторлық қабілеттер» ұғымының анықтамасынан біз осы феноменнің негізгі сипаттамалары туралы қорытынды жасай аламыз. Сондай-ақ, компенсаторлық дағдылардың айрықшалап тұратын ерекшеліктерін бөліп көрсетуіміз қажет. Біріншіден, бұл – сөйлеу барысында негізгі лексикалық бірліктер жетпеген жағдайда, синонимдік қатарларды пайдалану қабілеті, сөздерді әңгіменің бірізділігін бұзбайтын және сөйлеушіні түсінуге көмектесетін, мағынасы жуық сөздермен алмастыра білу. Мысалы, «clever» сын есімінің көптеген синонимдері бар: intelligent, bright, smart, brilliant, talented, gifted, precocious, capable, competent, proficient, educated, learned, erudite, academic. Әрине, бұл сөздердің стилистикалық реңкінде аздаған айырмашылық бар, бірақ жалпы алғанда, олардың ортақ мағынасы бір. Сол сияқты, сөзді түсіндірген кезде синонимдік қана емес, антонимдік қатарларды да пайдалануға болады. Бұған қоса, сипаттау әдісі де үлкен маңызға ие, ол тілдік бірліктердің кемістігін толтырып қана қоймай, заманауи тілдік бірліктерді дамытуға да мүмкіндік береді. Мысал ретінде «blogger» – блогерші сөзінің мағынасын қызметіне қарай сипаттау арқылы қарастырайық. A person who regularly writes material for a blog. Бұл жағдайда дефиницияның көмегімен түсіндірілген сөз сөйлеушінің серігіне түсінікті болады және нәтижесінде сөйлесу барысында тілдік кедергі туындамайды.

Бұл феноменнің сипаттамаларының тағы бірі-сөйлемнің грамматикалық құрылымын ауыстыру болып табылады. Егер өз ойыңды белгілі бір грамматикалық құрылымды пайдалана отырып жеткізу мүмкін емес болып шықса, онда сөйлемнің негізін сақтай отырып, біршама жақын келетін негізге ауыстыру қажет болады. Мысалы, «Кітап оқу – маңызды» деген сөйлем ағылшын тілінде әртүрлі тәсілдермен жеткізілуі мүмкін «To read books is important», «Reading books is important», «Reading books always brings me lot of benefits». Нұсқалары өте көп болуы мүмкін. Перифраз, яғни сөздің грамматикалық құрылымын ауыстыру-компенсаторлық қабілеттерді қалыптастырудағы ең кеңінен таралған құралдардың бірі болып табылатын айта кету керек. Оқу перифразының негізгі ережелері мен қағидалары:

- Перифразды пайдаланған кезде, бір сөзді немесе сөз тіркесін басқаларымен механикалық түрде алмастыра салуға болмайды, ұғымдарды, идеяларды, ойларды басқа тілдік құралдармен жеткізу керек.

- Кейбір сөздердің мағынасын өзгерту мүмкін болмас, сондықтан перифраз кезінде оларға өзгеріс енгізбеуге тырысамыз.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

- Түпнұсқаның мәтініне өз толықтыруларымызды енгізуден және оған баға беруден аулақ болуымыз қажет, өйткені автордың түпнұсқа ойлары жоғалуы және баяндау логикасы бұзылуы мүмкін.

Біздің көз жеткізгеніміздей, компенсаторлық қабілеттер сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда өте пайдалы. Басты мақсаты коммуникативтік құзыретті қалыптастыру және дамыту болып табылатын ағылшын тілі сабағында компенсаторлық қабілеттердің негізгі қағидаларын зерделеу ауадай қажет. Қазіргі кездегі оқу-әдістемелік кешендерде тілдік дағдыларды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Төмендегі жаттығулар компенсаторлық қабілеттерді дамытуға бағытталған негізгі жаттығу түрлері болып табылады:

1. Лексикалық сипаттағы жаттығу. Оларға мәтіннен синонимдерді/антонимдерді іздеу, синонимдік қатарларды толықтыру сияқты жаттығулар, ұғымдарды жалпылауға бағытталған жаттығулар жатады. Сол сияқты, бұл топқа белгілі бір ұғымдар мен фразаларды түсіндіруге бағытталған тапсырмаларды да жатқызуға болады.

2. Сөйлемнің грамматикалық құрылымын өзгертуге бағытталған грамматикалық сипаттағы жаттығулар. Оларға басқа грамматикалық құрылымдарды пайдалана отырып сөйлемді өзгертіп айтуға арналған тапсырманы жатқызуға болады.

Сондай-ақ, компенсаторлық дағдыларды сәтті қалыптастыруға бағытталған жаттығуларға арналған материалды іріктеуді қандай критерийлер бойынша жүзеге асыру керек екенін анықтап алу қажет. Бұл мәселедегі негізгі фактор лексикалық материалды таңдау болып табылатынына мән беру керек, себебі компенсаторлық дағдылар бірінші кезекте лексикалық құралдардың жеткіліксіздігі кезінде өз пікірінді білдіруге және сөйлеу дағдысын қалыптастыруға көмектесуге арналған. Мамандар атап өткендей, лексиканы таңдаудың белгілі бір критерийлері болмайды, бірақ дегенмен материалды барынша тиімді бекіту үшін тапсырманың мазмұны мен лексикалық бірліктердің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға кеңес беріледі. Біршама күрделі лексиканы пайдаланған кезде жеңілдетілген яғни бейімделінген коммуникативтік міндеттен тұратын тапсырманы іріктеп алу қажет және керісінше, біршама жеңіл лексика пайдаланылғанда – күрделендірілген яғни толықтырылған тапсырмасы бар жаттығуларды ұсынған дұрыс.

Сондай-ақ, берілген тақырып/мәтін аясында өнімді жұмыс атқару үшін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың келесі түрлерін бөліп қарастыруға болады:

1. Сұрақ-жауап түріндегі жаттығу. Осы бір өте жеңіл және бір қарағанда тым қарапайым болып көрінген жаттығу түрі білім алушыларға өз бетімен жұмыс жасауға көмектеседі. Таныс болған лексикалық қор арқылы өз ойын білдіріп, қойылған сұраққа жауап беретін болады және мүмкіндігінше оны өз фразаларымен толықтыратын болады. Яғни, сұрақ-жауап түрінде келтірілген жаттығулар компенсаторлық қабілеттердің қалыптасуына жәрдемдеседі, өйткені білім алушылар берілген тақырыптың аясында жауап беруге қажетті лексиканы іріктеуді іс-әрекет барысында жүзеге асырады.

2. Лексикалық бірліктерді бекітуге арналған жаттығулар. Мысалы: аудармасын табу, мағынасын сәйкестендіру, артығын берілген тізімнен алып тастау, болжамды қабылдау/қабылдамау сияқты дағдыларды жаттықтыруға бағытталған жаттығулар компенсаторлық қабілеттерді қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Проблемалы жағдаяттарды шешу де компенсаторлық қабілеттерді дамытудың өте нәтижелі тәсілі болып табылады, өйткені білім алушыларды өздігінен іздену қызметіне тартады, ол жерде сөйлеу қызметінің барлық түрлерін пайдалану және тілдік құралдардың жеткіліксіздігін арнайы әдіс-тәсілдермен толтыру қажет.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

1-сур. Компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар.

Choose and answer the questions	сұрақ-жауап түріндегі жаттығу
Find the equivalents	аудармасын табу тапсырмасы
Match with the meaning	мағынасын сәйкестендіру
Odd one out	артығын берілген тізімнен алып тастау
Agree or Disagree	болжамды қабылдау/қабылдамау

Осылайша, компенсаторлық қабілеттерді дамыту шет тілін үйренудегі соңғы фактор емес екеніне және өз ойларын, ішкі сезімдерін нақты әрі толық білдіруге қажетті коммуникативтік құзыретті тиімді меңгеру жолы болып табылатынына көз жеткіздік. Сол сияқты, біз компенсаторлық қабілеттердің негізгі сипаттамаларын және олардың сөйлеу барысында қалай көрініс табатынын бақыладық. Сонымен қатар, біз нақты тақырыпты меңгерген жағдайда және мәтіндермен жұмыс жүргізгенде ойды шет тілінде еш қиналмай жеткізуге мүмкіндік беретін компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған негізгі жаттығулар тобын бөліп қарастырдық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Г.А. Жустеева «Формирование компенсаторных умений при обучении чтению на английском языке как вторым иностранным», 2016
2. Ю.Н. Храмова, Р.Д. Хайруллин «Формирование иноязычной компенсаторной компетенции как основная цель обучения профессиональному английскому языку», 2017
3. A.Rezida, F.Fahrutdinov «The Model of Forming Communicative Competence of Students in the Process of teaching the English language», 2016

УДК 373.11.74

**ФОРМИРОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ ДОШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ  
ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*Банцырева Е., 2 курс, добучение и воспитание, Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова*

*Байжанова С.А., ассоциированный профессор, кафедры дошкольного и начального образования, к.п.н., Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова*

*Отношения с другими людьми зарождаются и наиболее интенсивно развиваются в дошкольном и начальном школьном детстве. Первый опыт таких отношений становится фундаментом, на котором строится дальнейшее развитие личности. От того, как сложатся отношения ребенка в группе сверстников, во многом зависит его следующий путь личностного и социального развития.*

Приобщение детей к миру взрослых людей, к миру чувств и переживаний – задача, которую человечество решает с того времени, когда стала осознаваться необходимость в передаче опыта последующему поколению.

В современном мире проблема социального развития подрастающего поколения становится одной из актуальных. Родители и педагоги как никогда раньше обеспокоены тем, что нужно сделать, чтобы ребенок, входящий в этот мир, стал уверенным, счастливым, умным,